

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

БЕКІТІЛДІ


«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(№4 хаттама «21» мамыр 2021 ж.;
21 желтоқсан 2021 ж. №4 шешім
бойынша өзгерістермен)



«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру
бағдарламаларына білім алушыларды
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Ақтөбе, 2021 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы  Р.С.Жалтырбаева



1. Жалпы ережелер

1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (бұдан әрі - Университет) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау ережелері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері негізінде әзірленген.

2. Бұл ережелер университеттің білім беру бағдарламаларына оқуға түсу тәртібін анықтайды.

3. Университетке жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқитын студенттердің контингентін республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттарын орналастыру, сондай-ақ өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

5. Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, ал басқа білім беру бағдарламаларына – кемінде 50 балл, оның ішінде кем дегенде 5 балл – Қазақстан тарихынан, математикалық сауаттылықтан, оқу сауаттылығынан – оқу тілі, және әрбір бейіндік пәндер бойынша кемінде 5 баллдан жинау қажет, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда.

6. Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру

бағдарламаларына түсетін ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, ал басқа білім беру бағдарламаларына – кемінде 50 балл, оның ішінде кем дегенде 5 балл – Қазақстан тарихынан, математикалық сауаттылықтан, оқу сауаттылығынан – оқу тілі, және әрбір бейіндік пәндер бойынша кемінде 5 баллдан жинау қажет, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда.

7. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 25 балл, және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде жалпы кәсіби пән бойынша кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда. *(7-тармаққа «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж өзгерістер енгізілді)*

8. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, шығармашылық дайындықты талап ететін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген тұлғаларға ҰБТ және шығармашылық нәтижелері бойынша кемінде 25 балл және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет. *(8-тармаққа «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж өзгерістер енгізілді)*

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

10. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады.

Жоғары білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін тұлғаларды ақылы негізде қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады.

11. ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған тұлғалар, университетке бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Осы тұлғалар 1(бірінші) оқу жылы ішінде ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

1(бірінші) оқу жылы ішінде тапсырылатын ҰБТ қорытындысы бойынша шекті балл жинамаған тұлғалар университеттен шығарылады.

12. Төтенше жағдай жариялау, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайларында виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін болады.

13. Түсушілерді қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат (бұдан әрі – сертификат) негізінде жүзеге асырылады.

Университет басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен расталған қосымша конкурсты қабылдау және өткізу үшін білім беру салалары бойынша ҰБТ-ның шекті балын белгілейді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығына сайтқа жариялау үшін жібереді.

14. Университетте басқарма Төрағасы-Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдау комиссиясының төрағасы сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда, қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

15. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

16. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

Комиссияның құрамына университет өкілдері оның ішінде, профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

«Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған өкілдер кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

17. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы қабылдау ережелерге 1-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

18. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші тұлғалар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін университеттің zhubanov.edu.kz ресми сайты арқылы онлайн форматында өтініш береді.

19. Төтенше жағдай жариялау, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайларында арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды онлайн және (немесе) офлайн нысандарында өткізуге жол беріледі. Дәстүрлі түрде арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауды, бір күнде емтихан тапсыратын оқуға түсушілердің санын шектеуді талап етеді. В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша дәстүрлі формадағы шығармашылық емтихандарды санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен элеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық спорт стадиондарында өткізуді қарастырады. В006-Музыка мұғалімдерін даярлау, В007-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау, В028-Хореография, В031-Сән, интерьер дизайн және өнеркәсіптік дизайн, В092-Тынығу білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихандарды санитарлық-эпидемиологиялық нормалар сақтай отыра аудиторияларда өткізіледі.

20. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары

білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты;

5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса) тапсырады.

21. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 7 шілдесіне дейін жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

Осы ережелерге 2-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

22. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

23. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

24. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші тұлғалар университетте шығармашылық емтиханды тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші тұлғалар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

25. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша университетке түсуші тұлғалар бір арнаулы емтихан тапсырады, және

Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

26. Арнайы емтихан университеттің zhubanov.edu.kz ресми сайтында онлайн тестілеу форматында өткізіледі. Бұл тестілеу педагогикалық қызметке бейімділікті, жеке қасиеттер мен коммуникативтік құзыреттіліктерді, саналы педагогикаға ынталандыру деңгейін анықтау үшін қажет.

27. Арнайы емтиханды өткізу бағдарламасын «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасы әзірлейді. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасын «Музыкалық білім және хореография», «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» және «Көркем еңбек және дизайн» кафедраларымен әзірленеді. Тапсыру мерзімі ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін. Бағдарламалар ЖОО-ның қабылдау комиссиясы төрағасымен бекітіледі. Бағдарлама шығармашылық емтихандарды дәстүрлі түрде өткізу тәртібін қарастырады.

28. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесі (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиозабамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда), стадиондарда өткізіледі.

29. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

30. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін 1-ші шығармашылық емтихан – 45 балл, 2-ші шығармашылық емтихан - 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

31. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру

ведомостімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

32. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

33. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге оқуға қабылданған орнынан ЖОО-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомостінен үзінді беріледі.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге шығармашылық емтихан тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде ЖОО-ға түсу үшін ведомосттен үзінді беріледі.

34. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

35. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

36. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Университет республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде университетке оқуға қабылдау үшін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

4. Жоғары білім, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін түсу емтиханын (әңгімелесу) өткізу тәртібі

37. Жоғары, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім

кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдау әңгімелесу негізінде жүзеге асырылады.

Университетке қысқартылған оқу мерзіміне оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау оқуға түсушілердің сұранысы бойынша пәндік комиссиялар өткізетін әңгімелесудің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалармен әңгімелесудің мақсаты таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша мамандық алуға байланысты білім деңгейін және жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

Әңгімелесудің пәндік комиссиясы Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен 20 мамырға дейін құрылады. Құрамға төраға, профессор-оқытушылар құрамы кіреді.

Әңгімелесу бағдарламасы, сұрақтар, тапсырмалар білім беру бағдарламаларымен жүзеге асырылатын кафедралармен, талданады және қабылдау комиссиясының отырысында бекітіледі және түсушілерге 20 мамырдан кешіктірмей жеткізіледі.

38. Өтініш беру және сұхбаттасу онлайн режимінде 20 маусым мен 25 тамыз аралығында zhubanov.edu.kz ресми сайтында өтеді.

39. Әңгімелесу талапкердің құжаттары қабылдау бөліміне қабылданғаннан кейін онлайн форматта жүзеге асырылады. Әңгімелесу бағдарламасымен танысқан талапкер, білім беру бағдарламасын таңдап, сұрақтарға жауап береді.

Оқуға түсу үшін қажетті құжаттардың тізімі университеттің ресми сайтында «Талапкерлер» бөлімінде орналасқан. Құжаттарды оффлайн режимде ұсынғысы келетін талапкерлер 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретті, 075-У нысандағы медициналық анықтаманы, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі, жоғары білім туралы қосымшасы бар диплом (түпнұсқа) ұсынуы қажет. Құжатты тапсырғаннан кейін өтініш беруші әңгімелесуге құқылы.

40. Әңгімелесуге қатысу үшін талапкер университеттің zhubanov.edu.kz ресми сайтындағы «Онлайн әңгімелесу» мәзіріне кіреді, өзінің жеке мәліметтері мен таңдаған мамандығын жазады, сонымен қатар білім беру бағдарламаларына сәйкес сұрақтарға жауап береді. Пәндік комиссия мүшелері үміткер ұсынған жауаптарды «ұсыну» немесе «ұсынбау» деп бағалайды.

Әңгімелесу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді. Өтініштер бойынша шешімдер апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық

комиссияның шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіні апелляцияның нәтижелері туралы хабардар етеді.

41. Әңгімелесу нәтижелері ведомостпен және комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді. Әрбір талапкердің сұхбаттасу нәтижелері оның жеке электронды поштасына «Әңгімелесу ведомостінен үзінді» түрінде жіберіледі.

42. Әңгімелесу ведомостін, хаттаманы пәндік комиссия төрағасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына әңгімелесу күнінен кешіктірмей ұсынады.

43. Оқуға өтініш берген, бірақ әңгімелесуден өтпеген талапкерлер қабылданбайды.

44. Пәндік комиссия мүшелері әңгімелесу аяқталғаннан кейін үш күн ішінде қабылдау комиссиясына қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, күндізгі бөлімге түсушілерге әңгімелесуді ұйымдастыру және өткізу туралы қорытынды есеп ұсынады.

5. Университетке қабылдау тәртібі

45. Университетке студенттерді қабылдауды қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 10-25 тамыз аралығында университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

Білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздерден оқуға ақы төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Университетке түсушілер қабылдау комиссиясына өтініш жасаған кезде:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (түпнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама.

4) ҰБТ сертификатын;

5) ведомостан үзіндіні (арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

6) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (бар болған жағдайда).

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар мынадай құжаттардың бірін:

- 1) еңбек кітапшасы (түпнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);
- 2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- 3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;
- 4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- 5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;
- 6) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;
- 7) жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.

Осы ережеге сәйкес университетке түсу үшін тұлғалар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды қоса береді:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- 3) № 907 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 4) ҰБТ сертификаты.

46. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары - көрсетілетін қызметті алушылар артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

47. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және шекті балды жинаған түлектер жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

48. ҰБТ-ның нәтижелері бойынша шекті балды жинаған тұлғалар бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

49. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша қабылдау жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

50. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде университеттің студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

51. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

6. Магистратураға қабылдау тәртібі

52. Магистратураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

53. Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды

есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

54. Магистратураға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

55. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

56. Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) араб тілінен түсу емтиханын және (немесе) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Магистратураға КТ күнтізбелік жылғы 08-16 тамыз аралығында және 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін өткізіледі. *(56-тармақтың 2-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж толықтырулар енгізілді)*

57. МВА (ЕМВА) білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін университет дербес айқындайды. МВА (ЕМВА) білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, МВА (ЕМВА) бағдарламаларына қабылдауды аккредиттеуден өткен университет жүзеге асырады.

58. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

59. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

60. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы

бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

61. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

62. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

63. КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін университетпен дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша университетте тапсырады.

64. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде университетке магистратураға шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

65. Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан қалыптастырылады және комиссия төрағаларын комиссия арасынан сайлай отырып, Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

66. Шығармашылық емтихандардың бағдарламалары мен кестесін университет әзірлейді және оны ректор бекітеді.

67. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

68. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау ведомосімен және Комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына

(оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

69. Университет шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

70. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы түсушіге шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына карамастан, ақылы негізде оқуға түсу үшін ведомостан көшірме береді.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

Ағылшын тілі:

IELTS, шекті балл – кемінде 6.0;

TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 60;

TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 498;

Неміс тілі:

DSH, Niveau C1/ C1 деңгейі

Niveau C1/ C1 деңгейі

Француз тілі:

TFI– оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес

DELF, B2 деңгейі

DALF, C1 деңгейі

TCF (ТСФ) – кемінде 50 балл.

(70-тармақтың 2-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж өзгерістер енгізілді)

71. Магистратураға "педагогикалық ғылымдар", "жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салаларының білім беру бағдарламалары топтарына, сондай-ақ "гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттарына түсетін тұлғалар», "Бизнес және басқару" Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд емтихан) стандартталған тестін тапсырғаны туралы тиісті баллдары бар GRE халықаралық сертификаты болған жағдайда қазақ немесе орыс тілдерінде оқытатын магистратураға КТ-дан босатылады.

"Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламалары топтарына магистратураға түсетін тұлғалар Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсырғаны туралы халықаралық сертификаты

(грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) болған жағдайда қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ-дан босатылады.

72. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ оқуға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін қабылдау комиссиясы тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ – ның "шет тілі" (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) университетке дейін көрсетеді.

КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

6.1 Апелляциялық комиссиялардың жұмыс тәртібі

73. Университет түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізгенге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын ҚР БҒМ-ге білім беру магистратурасының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізу кестесін жібереді.

74. КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін ҚР БҒМ жанынан апелляцияларды қарау жөніндегі Республикалық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны компьютерлік форматта өткізу кезінде КТ-ны өткізудің әрбір пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерін қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының немесе КТ-ның нәтижелерін апелляциялайтын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

75. Магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына түсушінің жеке өзіне беріледі.

Өтініштер КТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

КТ қағаз форматта өткізілген кезде КТ өткізу пунктiнiң апелляциялық комиссиясы КТ нәтижелерiн апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешiм қабылдайды. КТ өткізу пунктiнiң апелляциясын қарау нәтижелерiн апелляциялық комиссия Республикалық апелляциялық комиссияға береді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негiздiлiгiн қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келiп түскеннен кейiн бiр күн iшiнде КТ нәтижелерiн апелляциялайтын тұлғаның өтiнiшi бойынша шешiм қабылдайды.

КТ электрондық форматта өткізу кезiнде апелляцияға түсушiнiң өтiнiшi тестiлеу аяқталғаннан кейiн 30 минут iшiнде қабылданады. Өтiнiштердiң негiздiлiгiн Республикалық апелляциялық комиссия тестiлеу өткізілген күннен кейiн күнтізбелiк 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейiн қарайды.

Апелляциялық комиссия өтiнiштi қараған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Апелляциялық комиссиялардың шешiмдерi Комиссия мүшелерi жалпы санының көпшiлiк даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешушi болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелерi қол қойған хаттамамен ресiмделедi.

Түсу емтихандарын өткізу кезiнде тәртіптi сақтау мақсатында КТ өткізу пункттерiне және университетке ҚР БҒМ өкiлдерi жiберiледi.

6.2 Қабылдау тәртібі

76. Мемлекеттік бiлiм беру тапсырысы бойынша конкурстық негiзде және ақылы негiзде бiлiм алу үшiн КТ бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:

1) Ғылыми-педагогикалық магистратураға - кемiнде 75 балл, бұл ретте шет тiлi бойынша кемiнде 25 балл, бiлiм беру бағдарламалары тобының бейiнi бойынша: бiр дұрыс жауап таңдау бойынша – кемiнде 7 балл, бiр немесе бiрнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемiнде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемiнде 7 балл жинаған жағдайда;

2) бейiндi магистратураға - кемiнде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемiнде 7 балл, бiлiм беру бағдарламалары тобының бейiнi бойынша: бiр дұрыс жауап таңдау бойынша – кемiнде 7 балл, бiр немесе бiрнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемiнде 7 балл жинаған жағдайда;

Мемлекеттік бiлiм беру тапсырысы бойынша Конкурс КТ және/немесе бiлiм беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының балдарына сәйкес өткізіледi.

Магистратураға оқуға қабылдау төмендегідей мерзімде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

(76-тармақтың 1 және 3-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж толықтырулар енгізілді)

7. Докторантураға қабылдау тәртібі

Докторантураға магистр дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар қабылданады.

Шетелдік азаматтар мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тегін оқуға арналған конкурсқа Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдерде көзделген жағдайларда ғана қатыса алады.

Докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындыққа тест тапсырудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Түсу емтиханына арналған материалдарды (эссе тақырыбы, білім бағдарламалары топтары бойынша емтихан сұрақтары) университет әзірлейді.

Түсу емтиханына арналған материалдарды университеттің жоғары алқалы органы бекітеді.

77. ҰТО талаптарына сәйкес келетін емтихан материалдары ҰТО-ға уәкілетті орган белгілеген мерзімнен кешіктірілмей түсуге тиіс.

Түсу емтихандарын өткізу және докторантураға қабылдау кезеңінде түсу емтихандарын қабылдау үшін пәндік емтихан және апелляциялық комиссиялар құрылады; эссені тексеру үшін жеке комиссия құрылады.

Емтихан комиссиялары даярлау бағыттарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша (ғылым кандидаты, докторы) ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы дәрежесі бар жоғары білікті қызметкерлер қатарынан құрылады.

Апелляциялық комиссияның құрамына төраға және комиссияның кемінде үш мүшесі кіреді. Жекелеген білім беру бағдарламасы бойынша емтихан және/немесе апелляциялық комиссия, сондай-ақ даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бірыңғай емтихан және/немесе апелляциялық комиссия құруға жол беріледі.

Емтихан және апелляциялық комиссия құрамы Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Докторантураға оқуға қабылдау төмендегідей мерзімде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 15-28 тамыз аралығында;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

(77-тармақтың 6-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж толықтырулар енгізілді)

Кейін түсу емтиханын тапсыру үшін тіркелу 1 (бір) рет рұқсат етіледі; ҰТО сайтында қайта тіркелуге жол берілмейді.

Құжаттарды қабылдау ҰТО сайтында жүзеге асырылады, оқуға түсуші жеке деректерін толтырады, докторантураға түсу үшін 1 (бір) ЖОО және 1 (бір) ББТ (білім бағдарламасының тобы) таңдайды, түсу емтиханын тапсыру орнын таңдайды.

ҰТО өңірлер бөлінісінде түсу емтихандарының кестесін қалыптастырады. Түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестелері оқуға түсушілердің назарына түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын жеткізіледі.

Докторантураға түсуші тұлғалар ҰТО сайтында тіркелу үшін келесі құжаттарды тапсырады:

1) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі және магистр дипломы (дипломдардың түпнұсқалары үш қосымшасымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде университетке қабылдау кезінде/одан кейін ұсынылады);

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) өлшемі 3x4 сантиметр сандық фото;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175 /2020г бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша Медициналық анықтама»;

5) докторантураға түсушілер ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады

6) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы (түпнұсқа) немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;

7) соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда ғылыми жарияланымдар).

78. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі:

IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі),

TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі:

TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес),

DEL F (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейі,

DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzais), шекті балл кемінде – 50;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады. 4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады. 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды. *(78-тармақтың 1 және 3-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж толықтырулар енгізілді)*

7.1 Түсу емтиханын өткізу рәсімі

79. Докторантураға түсу емтиханы Аймақтық тестілеу орталығының базасында компьютерлік форматта өткізіледі.

Түсу емтиханының ұзақтығы - 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, 3 сұрақтан тұратын электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұрақтар тізімі мен эссе тақырыбы кездейсоқ түрде қалыптасады.

Түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл, оның ішінде эссе-20 балл, МОО – 30 балл, ББТ бейіні бойынша емтихан – 50 балл.

Үміткерлер түсу емтиханын өз таңдауы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тапсыра алады, бұл ретте емтиханның барлық блоктары таңдап алынған тілдердің бірінде болуы тиіс.

Эссе-бұл ғылыми білімнің тұжырымдамалары мен аналитикалық құралдарын қолдана отырып, өздігінен жүргізілген талдау негізінде қойылған мәселе бойынша авторлық ұстанымның дәлелді жазбаша мәлімдемесі.

Мақсаты-теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құру қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау.

Эссе түрлері: зерттеу іс-әрекетіне ынталандыру себептерін ашатын мотивациялық эссе, жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе, пән саласындағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе. Университеттер білім беру

бағдарламаларының тобына байланысты эссе түрлерін дербес анықтайды.

Эсседе графикалық нысандар, символдар мен формулалар болмауы керек. Эсседегі сөздердің ұсынылатын саны-250-300.

Эссені бағалау критерийлерін Университет ББТ ерекшелігіне қарай әзірлейді. Бұл ретте мынадай критерийлерді негізге алу ұсынылады: теориялық білім негізінде тақырыпты ашудың тереңдігі мен толықтығы, дәлелдеменің қисындылығы, дәйектілігі мен дәлелділігі, баяндаудың композициялық тұтастығы, академиялық жазу деңгейі (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика).

80. Докторантурада оқуға дайындығын анықтау тесті логикалық және сыни ойлау деңгейін анықтайды. Тест тапсырмаларын ҰТО әзірлейді. Максималды балл - 30.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан 3 сұрақ блогын қамтиды, оның ішінде: 1-сұрақ теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін айқындайды; 2-сұрақ функционалдық құзыреттердің қалыптасу дәрежесін анықтайды; 3-сұрақ жүйелік құзыреттерді анықтауға бағытталған. Ең жоғарғы ұпай саны - 50.

Емтихан сұрақтарын, жауаптарды бағалау критерийлерін Университет әзірлейді және бекітеді. Ұсынылатын емтихан сұрақтарының саны: әлеуметтік-гуманитарлық бағыт үшін – 210 (әр сұрақ блогы үшін-70, жаратылыстану – техникалық бағыт үшін – 150 (әр сұрақ блогы үшін-50).

Оқуға түсушілер түсу емтихандарының келесі күні түсу емтихандарының нәтижелерімен Жеке кабинеттегі хабарлама арқылы таныса алады.

7.2 Апелляция өткізу рәсімі

81. Апелляцияға өтініш үміткердің жеке кабинеті арқылы аймақтық тестілеу орталығына түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні қабылданады.

Апелляцияға өтініштерді университеттің апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Апелляцияны ҰТО Республикалық апелляциялық комиссиясы тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша докторантураға түсетін тұлғалардан қарайды.

Эссе және бейін бойынша емтихан нәтижелері бойынша апелляцияны университеттің апелляциялық комиссиялары жүргізеді.

Апелляцияға өтінішті қарау нәтижелері үміткердің жеке кабинетіне орналастырылады.

Докторантураға тұлғаларды қабылдау түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан бойынша неғұрлым жоғары баға алған адамдар басым құқыққа ие болады.

Бейінді емтихан үшін көрсеткіштер бірдей болған жағдайда білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорына кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда, БҒССҚК басылымдарында соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар ескеріледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде және ақылы негізде білім алу үшін кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады. *(81-тармақтың 11-абзацына «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің» КеАҚ-ның Директорлар кеңесінің №4 шешімімен 21.12.2021ж толықтырулар енгізілді)*

8. Шетел азаматтарын қабылдау тәртібі

82. Ақылы оқуға түсетін шетел азаматтарын университетке қабылдауды қабылдау комиссиясы әңгімелесу нысанында жүзеге асырады. Әңгімелесу қазақ немесе орыс тілдерінде (түсушінің таңдауы бойынша) өткізіледі.

83. Әңгімелесуге қатысуға өтінімдерді қабылдау, сондай-ақ оны өткізу күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетелдіктерді қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Әңгімелесуді өткізу үшін университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен комиссия құрылады.

Әңгімелесуге қатысу үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау жағдайларында университеттің АЖ арқылы онлайн-режимде): 1) әңгімелесуге қатысуға өтініш; 2) білімі туралы құжат қосымшасымен (түпнұсқа); 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі

Әңгімелесу қорытындысы бойынша комиссия мүшелерімен университеттің білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қабылдауға/қабылдамауға ұсынымдар туралы шешім қабылданады.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданады және әңгімелесу хаттамасымен рәсімделеді. Әңгімелесу хаттамасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оны орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

Әңгімелесу нәтижелері ведомостімен және комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді. Әрбір талапкердің сұхбаттасу нәтижелері оның жеке электронды поштасына «Әңгімелесу ведомостінен үзінді» түрінде жіберіледі.

84. Оқуға түсушіні университетке қабылдамау туралы шешімді әңгімелесу нәтижелерінің деңгейі төмен, ұсынылған білім туралы құжаттың талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (нотариалды куәландырылған аударманың болмауы, рәсімдеудегі ақаулар мен қателер) комиссия қабылдауы мүмкін.

Әңгімелесу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және оқуға түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша оқытушылар қатарынан құрылады. Өтініштер апелляция нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

Өтініштер бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіні апелляцияның нәтижелері туралы хабардар етеді.

Студенттерді университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясымен Басқарма Төрағасы-Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамыз аралығында жүргізіледі.

Білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздерден оқуға ақы төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішке қоса береді:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа) және құжаттың нотариалды куәландырылған аудармасы;

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама.

4) ҰБТ сертификаты (қазақ диаспорасы үшін);

5) ведомостьтан үзінді (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім

беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

6) ведомостытан үзінді (әңгімелесу бойынша түсушілер үшін)

7) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік (қазақ диаспорасы үшін).


8) паспорттың көшірмесі (нотариалды куәландырылған аудармасымен).

Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

КЕЛІСІЛДІ

Жоғары білімнен кейін білім беру
орталығы директоры


Н.Н.Жантурина

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор


А.С.Сейткан



Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары
Педагогика және психология
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Математика мұғалімдерін даярлау
Физика мұғалімдерін даярлау
Информатика мұғалімдерін даярлау
Химия мұғалімдерін даярлау
Биология мұғалімдерін даярлау
География мұғалімдерін даярлау
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
Шет тілі мұғалімдерін даярлау
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
Арнайы педагогика мамандарын даярлау
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары
Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
Музыка мұғалімдерін даярлау
Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны
Тынығу

2 қосымша

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3*	4
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B028	Хореография	Орындау шеберлігі	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс.
B031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны	Сурет, кескіндеме.	Композиция немесе сызу.
B092	Тынығу	Орындау шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері

* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша